

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндіру, талқылау хаттамасы №6

Атырау қаласы.

17 маусым 2026 жыл

Өткізілген орны: №4 Атырау қалалық емханасының негізгі ғимаратының мәжіліс залы;

Қатысқандар:

1. №4 Атырау қалалық емханасының директоры Бауыржан Дүйсебайұлы Төлеген, компланс-офицері Куат Махмутжанович Жуманалиев;
2. №4 Атырау қалалық емханасының әкімшілік бөлімі;
3. №4 Атырау қалалық емханасының дәрігерлері;
4. №4 Атырау қалалық емханасының орта және кіші буында медицина қызметкерлері;

Күн тәртібінде: №4 Атырау қалалық емханасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу бойынша түсіндіру, талқылау.

Алғашқы сөз алған №4 Атырау қалалық емханасының директоры Б.Д.Төлеген: Қазіргі заманның індетіне айналып отырған қоғамдағы жемқорлық екендігіне, оның ішінде күнделікті тұрмыстық жемқорлыққа жол бермеу керектігіне тоқтала өтті.

Үкімет жемқорлықпен күресте қол қусырып қарап отырмағандығы анық, оның ішінде цифрландыру жүйесінің нәтижесінде жемқорлық көздері жойылып отырғандығы анық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес, бұл іске барлығымыз атсалысу керек екендігін түсіндірді.

Комплаенс-офицері К.М.Жуманалиев тыңдалды:


Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы заңға сәйкес мемлекеттің қорғауында болады. 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 24-бабы, 3-тармағында көзделгендігін жеткізді.

Сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған адам туралы ақпарат мемлекет құпия болып табылатындығын түсіндірді.

Қаулы:


1. Әр тоқсан сайынғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында талқылау, түсіндіру жұмыстары ұжым алдында жүргізілсін.

Директоры



Б.Д.Төлеген

Хатшы



К.М.Жуманалиев